

№1 ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 25 қыркүйек 2024 жыл

Өткізілген орны: «Еркемай» балабақшасы

Қатысқандар саны: 10

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарын талқылау, өзгерістер енгізу, толықтыру.
2. Әдістемелік нұсқау хатпен танысу және өзгерістерді қарастыру. ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен үлгілік бағдарламаға шолу жасау.
3. Білім беру салалары бойынша балалардың біліктері мен дамуын анықтау мониторингі.
4. «Ертеңгілік жаттығу және оны өткізу әдістемесі» тақырыптық бақылау қорытындысы.
5. №2 педагогикалық кеңеске дайындық.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер Едильбаева Б.А. балабақшаның 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын таныстырды. Жоспарда білім беру процесін ұйымдастыру, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, ата-аналармен жұмыс, тәрбиелік іс-шаралар және бақылау түрлері қамтылғанын атап өтті. Сонымен қатар жаңа оқу жылындағы басым бағыттар, инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қарастырылды.

Талқылау барысында педагогтер жылдық жоспарға мерекелік іс-шаралар кестесін нақтылау, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің санын көбейту және ата-аналармен өткізілетін жұмыстарды толықтыру жөнінде ұсыныстар енгізді.

Құрметті әріптестер! Бүгінгі әдістемелік кеңестің бірінші мәселесі – балабақшаның 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау, оны жетілдіру және толықтыру.

Жылдық жоспар – мектепке дейінгі ұйымның бір оқу жылындағы барлық қызметін жүйелейтін негізгі құжат. Ол ұйым жұмысының мақсаттары мен міндеттерін айқындап, педагогикалық ұжымның қызметін бір арнаға бағыттайды. Жоспарды әзірлеу барысында өткен оқу жылындағы жұмыс нәтижелері сараланып, жетістіктер мен проблемалық тұстар анықталды. Осыған байланысты келесі бағыттарға ерекше назар аудару ұсынылады:

- тәрбиелеу мен оқыту сапасын арттыру;
- балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау;
- педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру;
- ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту;
- инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу;
- инклюзивті білім беру талаптарын жүзеге асыру.

Жылдық жоспардың әр бөлімі бойынша жауапты тұлғалар мен орындалу мерзімдері нақтыланып, оқу жылы барысында туындауы мүмкін өзгерістер мен толықтыруларды ескеру ұсынылады.

Талқылау барысында педагогтердің ұсыныстары мен пікірлері тыңдалып, жоспарға қажетті түзетулер енгізіледі. Бұл жоспардың сапалы орындалуына және ұйым жұмысының тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

СӨЙЛЕДІ:

Тәрбиеші Абузарова Римма Мансуровна жылдық жоспардың мазмұны толық қамтылғанын атап өтіп, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған іс-шараларды көбейтуді ұсынды.

Тәрбиеші Капсанатова Айда Канатовна ата-аналармен өзара байланысты нығайту мақсатында қосымша іс-шаралар ұйымдастыру жөнінде ұсыныс білдірді.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер Едильбаева Б.А. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған әдістемелік нұсқау хатындағы өзгерістермен таныстырды. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптары, үлгілік оқу бағдарламасындағы жаңартулар, ұйымдастырылған іс-әрекетті жоспарлау ерекшеліктері және балалардың құзыреттіліктерін дамыту бағыттары туралы баяндады.

Құрметті әріптестер! Екінші мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарына арналған әдістемелік нұсқау хатындағы негізгі өзгерістер мен толықтыруларға тоқталамыз.

Әдістемелік нұсқау хатта мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізгі бағыттары, құжаттаманы жүргізу тәртібі, педагогтердің қызметін жоспарлау және балалардың даму деңгейін бақылау мәселелері қамтылған.

Сонымен қатар, ҚР Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізгі талаптарына назар аудару қажет. Стандарттың басты мақсаты – әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Стандартқа сәйкес білім беру процесі келесі құндылықтарға негізделеді:

- баланың тұлғалық дамуы;
- ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру;
- ойын арқылы оқыту;
- баланың бастамашылдығы мен шығармашылығын дамыту;
- қауіпсіз және дамытушы орта құру.

Үлгілік оқу бағдарламасы балалардың келесі даму бағыттарын қамтиды:

1. Физикалық қасиеттерді дамыту;
2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту;
3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
4. Шығармашылық дағдыларды, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
5. Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру.

Педагогтердің негізгі міндеті – осы бағыттар бойынша балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыруға жағдай жасау және білім беру процесін баланың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкес ұйымдастыру.

Қорытындылай келе, әдістемелік нұсқау хаттағы жаңартуларды, мемлекеттік стандарт талаптарын және үлгілік бағдарламаның мазмұнын толық меңгеру – мектепке дейінгі ұйым қызметінің сапасын арттырудың маңызды шарты болып табылады.

Шешім жобасы:

1. Балабақшаның 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары талқыланып, ұсынылған толықтырулар енгізілсін.
2. Әдістемелік нұсқау хаттағы өзгерістер педагогтерге таныстырылып, жұмыс барысында басшылыққа алынсын.
3. ҚР МЖМБС және Үлгілік оқу бағдарламасының талаптарын білім беру процесінде жүйелі түрде жүзеге асыру қамтамасыз етілсін.
4. Әдіскерге оқу жылы бойы нормативтік-құқықтық құжаттардағы өзгерістер туралы педагогтерді уақытылы ақпараттандыру тапсырылсын.

Педагогтерге жаңа нормативтік құжаттарды басшылыққа ала отырып, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру қажеттілігі түсіндірілді.

СӨЙЛЕДІ:

Тәрбиеші Кабакова Рауза Абилямжоновна жаңа талаптардың білім беру процесін сапалы ұйымдастыруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Тәрбиеші Еркінова Ботагоз Саматқызы күнтізбелік жоспарлаудағы өзгерістер бойынша өз пікірін білдіріп, тәжірибесінде қолданатынын айтты.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер Едильбаева Б.А. балалардың білім беру салалары бойынша біліктері мен дағдыларының дамуын анықтауға арналған мониторинг жүргізу тәртібімен таныстырды. Мониторинг нәтижелері балалардың жеке даму карталарына енгізілетіні және алынған мәліметтер білім беру процесін жетілдіру мақсатында қолданылатыны айтылды.

Мониторингтің бастапқы кезеңін сапалы ұйымдастыру, нәтижелерді уақытылы рәсімдеу және талдау жұмыстарын жүргізу қажеттілігі атап өтілді.

СӨЙЛЕДІ:

Тәрбиеші Шамилова Айымгул Батырбекқызы мониторинг нәтижелерінің балалармен жеке жұмыс жүргізуде маңызы зор екенін айтты.

Тәрбиеші Еркінова Ботагоз Саматқызы даму көрсеткіштерін анықтау барысында объективті бағалау қажеттігін атап өтті.

4-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер Едильбаева Б.А. «Ертеңгілік жаттығу және оны өткізу әдістемесі» тақырыптық бақылауының қорытындысын хабарлады. Бақылау барысында педагогтердің жаттығуларды жүйелі ұйымдастыратыны, балалардың қызығушылығы мен белсенділігін арттыруға көңіл бөлінетіні анықталды.

Сонымен қатар кейбір топтарда жаттығу кешендерін жаңарту, музыкалық сүйемелдеуді тиімді пайдалану және жаттығулардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігін арттыру қажеттілігі айтылды.

СӨЙЛЕДІ:

Тәрбиеші Абузарова Римма Мансуровна ертеңгілік жаттығулардың балалардың денсаулығын нығайтудағы маңызын атап өтті.

Тәрбиеші Еркінова Ботагоз Саматқызы жаттығуларды музыкалық сүйемелдеумен өткізу балалардың қызығушылығын арттыратынын айтты.

5-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер Едилбаева Б.А. №2 педагогикалық кеңеске дайындық жұмыстары мекеменің жылдық жоспарына сәйкес жүргізіледі. Дайындық барысында өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу деңгейі зерделеніп, білім беру-тәрбие процесінің аралық нәтижелері талданады. Әдіскер мен педагогтер топтардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттерге бақылау жүргізіп, балалардың даму мониторингі нәтижелерін саралайды. Сонымен қатар тәрбиешілердің жоспарлау құжаттары, балалардың жетістіктері мен қиындықтары қарастырылып, оларды жетілдіру жолдары анықталады.

Педагогикалық кеңеске қажетті материалдарды жинақтау мақсатында тәрбиешілер, мамандар және басқа педагог қызметкерлер өз бағыттары бойынша есептер мен ақпараттар дайындайды. Балалардың даму көрсеткіштері, ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың нәтижелері және педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру бағытындағы жұмыстар туралы мәліметтер жүйеленеді. Жиналған ақпарат негізінде аналитикалық анықтама әзірленіп, кеңестің негізгі мәселесі бойынша баяндама дайындалады.

Кеңеске дайындық барысында көрнекі материалдарға да ерекше назар аударылады. Мониторинг нәтижелері диаграмма, кесте және презентация түрінде рәсімделеді, педагогтердің озық тәжірибелерін насихаттайтын әдістемелік көрме ұйымдастырылады. Қажет болған жағдайда ашық іс-әрекеттерден фотоматериалдар мен бейнематериалдар ұсынылады.

Педагогикалық кеңестің негізгі мақсаты – білім беру процесінің сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру және балалардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау. Кеңес қорытындысы бойынша талқыланған мәселелерге сәйкес нақты шешімдер қабылданып, олардың орындалуына жауапты тұлғалар мен мерзімдер белгіленеді.

СӨЙЛЕДІ:

Тәрбиеші Капсанатова Айда Канатовна педагогикалық кеңеске қажетті материалдарды уақытылы дайындауға дайын екенін білдірді.

Тәрбиеші Абузарова Римма Мансуровна ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша өз ұсыныстарын айтты.

ҚАУЛЫ:

1. Балабақшаның 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары енгізілген ұсыныстар мен толықтыруларды ескере отырып бекітілсін.
2. ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, үлгілік оқу бағдарламасы және әдістемелік нұсқау хат талаптары педагогтердің күнделікті жұмысында басшылыққа алынсын.
3. Білім беру салалары бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын анықтау мақсатында бастапқы мониторинг уақытылы жүргізіліп, нәтижелері талданып, жеке даму карталарына енгізілсін.

4. Ертеңгілік жаттығуларды ұйымдастыру мен өткізудің сапасын арттыру жұмыстары жалғастырылып, жаттығу кешендері балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жүйелі түрде жаңартылып отырсын.
5. №2 педагогикалық кеңеске дайындық жұмыстары жоспарға сәйкес ұйымдастырылып, жауапты педагогтер қажетті материалдарды белгіленген мерзімде әзірлесін.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау әдіскер жүктелсін.

Әдіскер Едильбаева Б.А.

ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҚЫЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Ертеңгілік жаттығу және оны өткізу әдістемесі»

Мақсаты: Ертеңгілік жаттығуларды ұйымдастыру және өткізу сапасын анықтау, денсаулық сақтау технологияларының қолданылуын бақылау, балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру бағытындағы жұмыстардың тиімділігін бағалау.

Бақылау мерзімі: 02.09.2024-20.09.2024ж.ж.

Қамтылған топтар: мектепалды, ересек, ортаңғы топтары

Бақылау барысында төмендегі мәселелер зерделенді:

- Ертеңгілік жаттығулардың күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылуы;
- Жаттығу кешендерінің балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі;
- Жаттығулардың әдістемелік тұрғыдан дұрыс құрылуы;
- Тәрбиешінің жаттығуларды түсіндіру және көрсету шеберлігі;
- Музыкалық сүйемелдеудің қолданылуы;
- Балалардың белсенділігі мен қызығушылығы;
- Қауіпсіздік талаптарының сақталуы;
- Денсаулық сақтау технологияларының қолданылуы.

Бақылау нәтижесі

Бақылау барысында барлық топтарда ертеңгілік жаттығулардың күн тәртібіне сәйкес жүйелі түрде өткізілетіні анықталды. Тәрбиешілер балаларды ұйымдастырып, жаттығуларды орындау барысында қимылдарды дұрыс көрсетуге және орындалуын бақылауға көңіл бөледі.

Жаттығулар кешені балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес таңдалған. Ертеңгілік жаттығулар барысында жүру, жүгіру, жалпы дамыту жаттығулары және тыныс алу жаттығулары қамтылған.

Балалардың көпшілігі жаттығуларға қызығушылықпен қатысып, тапсырмаларды белсенді орындайды. Топтарда жағымды эмоционалдық ахуал қалыптасқан.

Бақылау нәтижесінде педагогтердің ертеңгілік жаттығуларды өткізуде денсаулық сақтау технологияларының элементтерін қолданатыны байқалды. Кейбір топтарда музыкалық сүйемелдеу пайдаланылып, балалардың қызығушылығын арттыруға ықпал етуде.

Жетістіктер

- Ертеңгілік жаттығулар жүйелі өткізіледі;
- Балалардың қозғалыс белсенділігі қамтамасыз етілген;
- Жаттығулар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған;
- Қауіпсіздік талаптары сақталады;
- Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстар жүргізіледі.

Анықталған кемшіліктер

- Кейбір топтарда жаттығу кешендері ұзақ уақыт өзгертілмеген;
- Музыкалық сүйемелдеу барлық топтарда тұрақты қолданылмайды;
- Жекелеген тәрбиешілер жаттығуларды орындау қарқынын балалардың мүмкіндігіне қарай реттемейді;
- Қимылды ойын элементтері жеткіліксіз енгізілген;
- Тыныс алу жаттығулары барлық топтарда бірдей жүйелілікпен өткізілмейді.

Қорытынды: Тақырыптық бақылау нәтижесінде ертеңгілік жаттығуларды ұйымдастыру және өткізу жұмыстарының жалпы деңгейі жақсы екендігі анықталды. Педагогтер балалардың денсаулығын нығайтуға және қозғалыс белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыстарды жүйелі жүргізуде. Сонымен қатар жаттығу кешендерін жаңарту және денсаулық сақтау технологияларын қолдануды жетілдіру қажеттілігі байқалды.

Ұсыныстар:

1. Ертеңгілік жаттығу кешендерін ай сайын жаңартып отыру.
2. Барлық топтарда музыкалық сүйемелдеуді тиімді пайдалану.
3. Тыныс алу және сауықтыру жаттығуларын жүйелі енгізу.
4. Қимылды және ұлттық ойын элементтерін көбірек қолдану.
5. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жаттығулардың қарқыны мен жүктемесін реттеу.
6. Денсаулық сақтау технологияларын күнделікті тәжірибеде кеңінен қолдану.

Қорытынды баға: Жақсы.

Әдіскер Едильбаева Б.А.